



# БАУЫР ЭХИНОКОККОЗЫ

Орындаған: Суюндиков О.Б

729 ВОП

Тексерген:



Астана 2016ж

**Эхинококкоз** – үй жануары арқылы тасымалданатын паразитті ауру. Паразит жануарлардың ішегінде бірнеше даму сатысынан өтіп, содан соң, жануарлардың нәжісімен жерге түседі. Жерге түскен жұмыртқалар онкосфералар деп аталады. Онкосфералар ауа температурасының өзгерістеріне берік әрі сыртқы ортаға бейімделгіш болып келеді. Балалар, көбінесе, үй жануарларымен қарым-қатынас кезінде, жануарлардың жүні, шаң-тозаң, су және т.б. арқылы жұқтырады. Егер, паразит тамақпен бірге ағзаға түссе, *бауыр эхинококкозы*, егер ауа арқылы тараса, *өкпенің эхинококк өсіндісі* дамиды. Эхинококк өсіндісі – бұл паразиттің дамуындағы соңғы кезең болып табылады.



- Этиология. Жылауық құрты өл-шемі 2 мм-см. Құрт өсіп-өнуі үшін, аң мен үй жануарларының ішіне түсуі керек.
- Эпидемиология. Ол көбінесе аңдар мен үй малдарынан, ит пен мысықтан жұғады. Бұл құрттар ит пен қасқырдың ащы ішегінде өсіп-өнеді де, солардың дәреті арқылы суды, шөпті, жерді ластайды. Аң терісін, ит пен мысықты ұстағанда жылауықтың құрты қолға жабысады. Қолды жумай тамақ ішкенде, ластанған өзендердің суын қайнатпай ішкенде құрт адамның асқазанына барып түседі.

# Патогенез

Асқазанға түскен құрттың ұрығы сыртқы қабығынан айырылып, ішек қатпарларына енеді. Содан қан тамырларына түсіп бауыр, өкпе, ми және басқа ағзаларға ұялайды. Бірте-бірте ұялаған жерінде жылауық құрты өнеді, өседі. Олар бір ұялы, көпұялы болып бөлінеді. Жылауық қалтасы бірте-бірте өсіп, аурудың белгісі біліне бастайды, құрт орналасқан органдардың қызметі бұзылады.

- Жылауық құрттың белгілері, өрбуі
- 
- Жылауықтың өрбуін екі кезеңге бөлуге болады. 1. Жасырын өрбуі. Науқастың аздаған қызуы көтерілуі мүмкін, субфебрилитет, қан аздық, лоқсып, тамаққа тәбеті төмендеп, асқазан түбі ауырып, ауырлық сезіледі. Кейбір науқаста бас ауырып, жөтеліп, ентігіп, кеудесі шаншиды, әлсіздік сезінеді. Жылауық құртының ұрықтары ағзада айлап, жылдап, көп белгі бермей жата беруі де мүмкін. Ал, кейде басқа дерттердің белгілері сияқты көрінеді, басқа дәрігерлерде емделіп жүреді.
- 2. Жылауық құртының ауыр түрі. 1. Бауырдағы жылауық асқынғанда, а.) Жылауық қалтасының жарылуы, б.) Сарғаю, өт жолын жапқандықтан, в.) Жылауықтың іріңдеуі. 2. Өкпедегі жылауық асқынғанда а.) өкпедегі іріндік, ірінді плевра, б.) өкпеден қан кету.

- Бауырда көлемдері әртүрлі, іші мөлдір суға толған жылауық құрт ісіктері пайда болады. Адамның іші өтеді, асқазан, бауыр тұсы сыздап ауырады. Оң жақ қабырға астынан сыртқа қарай томпиған ісікті байқауға болады. Жылауық асқынып жарылғанда науқастың жағдайы нашарлайды. Жылауық қалтасы өт жолын жапқанда науқас сарғайып кетеді. Бауырдағы жылауық іріңдегенде ағзаның түгелдей улану қаупі басталады. Өкпедегі жылауық асқынғанда тыныс жолдарының, өкпенің, плевраның іріңдеп қабынуы болады. Өкпедегі тамырды сорып, жегідей жеп, өкпеден қан кеткенде өте ауыр жағдайға соқтырады.



- Аурудың белгілері көбінесе *байқалмайды*, эхинококк өсіндісі өкпені рентгенологиялық немесе бауырды ультрадыбыстық зерттеу кезінде анықталып жатады. Бауырдағы үлкен өсінділер іштің жоғарғы бөлігіне орналасады. Өсінді мида дамыған жағдайда бас ауруы, неврологиялық бұзылыстар байқалады. Сәбиде эхинококкоз ауруы анықталған жағдайда, барлық отбасы мүшелерін тұрғылықты жері бойынша емханада тексеруден өткізу қажет.
- Соңғы кездері Көп бейінді облыстық балалар ауруханасында жылына 10 науқасқа дейін бауыр және өкпе эхинококкозы бойынша ота жасалады (салыстырмалы түрде алғанда, 1995-2008жж. аралығында жылына 25 науқасқа дейін ота жасалған). Ота жасалған соң, науқастар емханадағы хирург маманымен диспансерлік есепке алынып, сызба бойынша ішек құрттарына қарсы ем қабылдайды, 2 жыл ішінде өкпені рентгенге түсіріп, бауырды ультрадыбыстық зерттеуден өткізеді.



- **Қандай алдын алу шараларын қолға алу қажет?** Бірінші кезекте, жеке гигиенаға, әсіресе, қол тазалығына аса көңіл бөлу қажет. Екіншіден, үй жануарларын, ауылдық жерлерде ірі қара малды ішек құрттарынан тазарту шараларын атқару қажет. Жануарлар уақытылы ветеринарлық тексеруден өткізіліп, олардың қалдықтары жойылуы, жануар өнімдері жеткілікті мөлшерде термиялық өңдеуден өткізілуі қажет (флюорография, ультрадыбыстық зерттеу).
- Ветеринарлық қызметтің жұмысын жақсартып, үй жануарларының эхинококкоз ауруын жұқтыруын бақылауға алу, бұралқы иттер мен мысықтардың санын азайту, тұрғындардың өмір сүру дағдысын, санитарлық білімі мен жеке гигиенаны сақтау мәдениетін арттыру қажет.

- Емі:
- Таяу уақытқа дейін бауырға жасалатын операциялар эхинококк іріңін алумен және шеттік кесумен ғана шектелген еді. Қазіргі уақытта асқынған зақымдану жағдайында сегменттік кесу мен оң немесе сол жақ бөлікті алып тастау операциялары жасалады. Бауыр эхинококкозы асқынып кеткен және басқа органдары зақымданған науқастарды емдеуде қуыстарды лазермен өңдеу тәсілін қолданылады.